



Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Ұзынкөл ауданының білім бөлімі» ММ

«Бекітілді»
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Ұзынкөл ауданы білім бөлімінің Обаған
жалпы білім беретін мектебі» КММ
педагогикалық кеңесінде
2024 жылғы «29» тамыздағы № 1 хаттама
Мектеп директоры м.д. МР Мальцова А.М.

Жұмыс оқу жоспары

жаратылыстану – математикалық бағыттағы жалпы орта білім беру
казак тілінде оқыту

"Обаған жалпы білім беретін мектебі" КММ

Қостанай облысы әкімдігінің Ұзынкөл ауданының білім бөлімі
2024-2025 оқу жылына

с.Убаған, 2024 г.

Түсіндірме жазба
жалпы орта білім берудің жұмыс оқу жоспарына
жаратылыстану-математикалық бағыт
2024 - 2025 оқу жылына арналған қазақ тілінде оқытатын сыныптар үшін
"Обаған жалпы білім беретін мектебі КММ Ұзынкөл ауданының білім бөлімі"

Осы жұмыс оқу жоспары Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Ұзынкөл ауданының білім бөлімінің Обаған жалпы білім беретін мектебі" КММ жаратылыстану - математика бағытындағы қазақ тілінде оқытатын 10-11 сыныптарға арналған.

2024 - 2025 оқу жылына арналған осы жұмыс оқу жоспарын әзірлеу үшін мынадай нормативтік құқықтық актілер негіз болып табылады:

– "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Білім Министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығына 4-қосымшаға сәйкес" жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты " (бұдан әрі-Стандарт) 31.05.2024 жылғы № 132;
- "Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" (ҚР БҒМ 2012 жылғы 08 қарашадағы № 500 бұйрығы) енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен 08.02.2024 жылғы № 27 және 27.06.2024 № 161 (бұдан әрі үлгілік оқу жоспарлары), Білім және ғылым Министрлігінің бұйрығына 86-қосымша ҚР 2012 жылғы 08 қарашадағы № 500, қазақ тілінде оқытатын жаратылыстану - математикалық бағыттағы жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспары, 88 - қосымша жаңа редакцияда - ҚР Білім Министрінің 26.10.2023 № 323 бұйрығымен;

- "2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы" нұсқаулық - әдістемелік хат (ұлттық білім академиясының ғылыми - әдістемелік кеңесінің шешімімен басылымға ұсынылды.БІ. Алтынсарин, 2024 жылғы 10 маусымдағы № 2 хаттама).

Құрылымдық жағынан жұмыс оқу жоспары екі компоненттен тұрады: инвариантты және вариативті. Шет тілі ретінде ағылшын тілі оқытылады.

10-11 сыныптардағы оқу жылының ұзақтығы - 34 оқу аптасы, оқу аптасының ұзақтығы – 5 күн.

Жұмыс оқу жоспарының оқу жүктемесінің максималды көлемі нормаларға сәйкес келеді және 10 – сыныпта – 35 сағат, 11-сыныпта-35 сағатты құрайды.

2024-2025 оқу жылында мектепте 2 сынып-жинақ.

Сыныптарды кіші топтарға бөлу контингенті 20 оқушыдан аспайтын сыныптардың аз толуына байланысты жүзеге асырылмайды.

Жалпы орта білім беру стандартының 50-тармағына сәйкес "тіршілік қауіпсіздігі негіздері" оқу курсының мазмұны "Бастапқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсы шеңберінде іске асырылады, жылдық оқу жүктемесі 12 сағатты құрайды. Тіршілік қауіпсіздігі негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу уақытында өткізіледі.

Вариативті компонент үш сағатпен ұсынылған, оның біреуі "жаһандық

құзыреттілік" курсына және екі сағат элективті курстарды оқуға бөлінген "Болашақ абитуриенттің мектебі", "Дұрыс тамақтанудың рөлі" 10 сыныпта және "Химиядан есептер шығару", "Экологиялық этика" 11-сыныпта. Жалпы орта білім беру деңгейіндегі "жаһандық құзыреттілік" курсының мақсаты: жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды сыни талдау мен бағалауды, өзіндік білім мен идеяларды құру дағдыларын түсіну. Күтілетін нәтиже: пәндік салаға қатысты қалыптасқан дағдылары (hard skills), әлеуметтену дағдылары (soft skills) және өзін-өзі тәрбиелеу және үздіксіз білім беру дағдылары (self skills) бар білім алушы. Оқу қызметі білім алушылардың сыни ойлауын және функционалдық сауаттылығын қалыптастыруды көздейтін, оларды зерттеу жобаларын, стартаптарды іске асыруда жандандыруға, акцияларды, әлеуметтік жобаларды және волонтерлік бағдарламаларды бастамалауға ықпал ететін жұмыстың әртүрлі нысандары арқылы ұйымдастырылады. Курс Білім Министрлігінің 19.09.2022 жылғы № 399 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы негізінде оқытылады.

10 сыныптағы вариативті компоненттің бірінші сағаты элективті курспен ұсынылған "Болашақ абитуриенттің мектебі". Мұғалім: Камалатдинова М.Ф., физика пәні мұғалімі, 2024 жылғы 29 тамызда №1 хаттама педагогикалық кеңесте қаралып бекітілді. Мақсаты: ҰБТ талабына сәйкес физика пәнінен емтихан дайындық; физика пәнінен есептерді шешу арқылы пәнге деген қызығушылықты арттыру. Күтілетін нәтижесі: курсты өту арқылы оқушылар базалық және деңгейі жоғары тапсырмаларды шешуге үйренеді, тестік жұмысты шешу жолын біледі.

10 сыныптағы вариативті компоненттің екінші сағаты элективті курспен ұсынылған "Дұрыс тамақтанудың рөлі". Мұғалім: Исмагулова А.Ж., биология пәні мұғалімі, 2024 жылғы 29 тамызда №1 хаттама педагогикалық кеңесте қаралып бекітілді. Мақсаты: Дұрыс тамақтану мен салауатты өмір салтын ұйымдастыруға бағытталған тамақтану биохимиясы саласындағы білім мен іскерлікті дамыту. Күтілетін нәтиже: адам анатомиясы, медицина, экология пәндері арқылы теориялық білімдерін жетілдіру; денсаулығы түзу, жан дүниесі рухани бай, жеке даралық қабілеті зор болу үшін салауатты өмір салтын ұстау дағдыларын қалыптастыру.

11 сыныптағы вариативті компоненттің бірінші сағаты элективті курспен ұсынылған "Химиядан есептер шығару". Мұғалім: Исмагулова А.Ж., химия пәні мұғалімі, 2024 жылғы 29 тамызда №1 хаттама педагогикалық кеңесте қаралып бекітілді. Мақсаты: оқушылардың химия пәніне қызығушылығын арттыру; химиялық білім-біліктерді және химия ғылымының жетістіктерін күнделікті өмірде пайдалануды насихаттау. Күтілетін нәтиже: Оқушылар тандаған мамандығына жақын білім алуға мүмкіндігі болады.

11 сыныптағы вариативті компоненттің екінші сағаты элективті курспен ұсынылған "Экологиялық этика". Мұғалім: Исмагулова А.Ж., биология пәні мұғалімі, 2024 жылғы 29 тамызда №1 хаттама педагогикалық кеңесте қаралып бекітілді. Мақсаты: Оқушыларда экологиялық этика ұғымын қалыптастыру арқылы оқушыларды экологиялық этика саласындағы біліммен таныстыру, оларға табиғатты сақтау дағдылары мен тілектерін сіңіру. Күтілетін нәтиже: Экологиялық білімінің орны мен рөлі туралы қалыптасқан түсінік; танымдық әрекет және күнделікті өмірдегі экологиялық білім мен тәрбие.

**Қазақ тілінде оқытатын сыныптар үшін жаратылыстану – математикалық
бағыттағы жалпы орта білім берудің жұмыс оқу жоспары
"Обаған жалпы білім беретін мектебі КММ Ұзынкөл ауданының білім бөлімі"
2024 - 2025 оқу жылына**

*Қосымша №86
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 08 қарашадағы №500 бұйрығына
(толықтырулармен 2023 жылғы 26 қарашадағы №323 өзгерістермен)*

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат		Жалпы жүктеме, сағат	
		10	11	апталық	жылдық
Инварианттық компонент					
1	Қазақ тілі	1	1	2	68
2	Қазақ әдебиеті	2	2	4	136
3	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	136
4	Шетел тілі	3	3	6	204
5	Алгебра және анализ бастамалары	4	4	8	272
6	Геометрия	2	2	4	136
7	Информатика	2	2	4	136
8	Физика	2	2	4	136
9	Химия	2	2	4	136
10	Биология	2	2	4	136
11	География	2	2	4	136
12	Қазақстан тарихы	2	2	4	136
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	2	68
14	Құқық негіздері	1	1	2	68
15	Дене шынықтыру	3	3	6	204
16	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	68
Инварианттық оқу жүктемесі		32	32	64	2176
Вариативтік компонент					
Жаһандық құзыреттілік		1	1	2	68
Элективті курстар		2	2	4	136
"Болашақ абитуриенттің мектебі"		1		1	34
"Дұрыс тамақтанудың рөлі"		1		1	34
"Химиядан есептер шығару"			1	1	34
"Экологиялық этика"			1	1	34
Вариативтік оқу жүктемесі		3	3	6	204
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		35	35	70	2380